

Маңғыстау ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қаңтардағы № 175 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 қаңтарда № 4425 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Маңғыстау ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. "Маңғыстау аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М.Сарбалаев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Маңғыстау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары А.Аққұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2021 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданының әкімі

Т. Кушмаганбетов

Маңғыстау ауданы әкімдігінің

2021 жылғы 13 қаңтардағы

№ 175 қаулысына қосымша

Маңғыстау ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 09.11.2022 № 379 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Елді мекендердегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенттері
1	Ақтөбе ауылдық округінің Ұштаған ауылы	1,79
2	Ақтөбе ауылдық округінің Жарма ауылы	0,90

3	Ақтөбе ауылдық округінің Сазды ауылы	1,37
4	Онды ауылдық округінің Онды ауылы	1,74
5	Онды ауылдық округінің Бекі ауылы	1,49
6	Онды ауылдық округінің Басқұдық ауылы	0,96
7	Шайыр ауылдық округінің Шайыр ауылы	2,04
8	Шайыр ауылдық округінің Тиген ауылы	1,17
9	Шайыр ауылдық округінің Тасмұрын ауылы	1,21
10	Тұщықұдық ауылдық округінің Тұщықұдық ауылы	1,84
11	Тұщықұдық ауылдық округінің Қияқты ауылы	0,86
12	Сайөтес ауылдық округінің Сайөтес ауылы	1,82
13	Сайөтес ауылдық округінің Боздақ ауылы	1,39
14	Шебір ауылдық округінің Шебір ауылы	1,75
15	Отпан ауылдық округінің Тұщыбек ауылы	1,79
16	Отпан ауылдық округінің 15-Бекет ауылы	1,08
17	Жыңғылды ауылы	1,82
18	Жармыш ауылы	1,75
19	Ақшымырау ауылы	1,67
20	Қызан ауылы	1,77
21	Шетпе ауылы	2,06